

Қазақстан Республикасы Президентінің "Оралмандардың 2002 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 945 Жарлығын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 1 қазан N 1076

Қазақстан Республикасы Президентінің "Оралмандардың 2002 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 945 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп:

1) 2002 жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсатқа көзделген қаражат шегінде көшіп келу квотасына енгізілген оралмандарды қоныстандыру орындарында қабылдауды, жайластыруды және олардың жерсінуіне жағдай жасауды қамтамасыз етсін, сондай-ақ өзінің тарихи отанына мемлекеттің қаржылай қолдауынсыз қайтып келе алмайтын ұлты қазақ адамдардың ұйымдасқан түрде қоныс аударуын жүзеге асырсын;

2) он күн мерзімде аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескере отырып, оралмандарды орналастыру схемасын әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігімен бірлесіп:

1) дипломатиялық арналар арқылы тиісті мемлекеттердің үкіметтеріне оралмандардың кетуі мен транзиттік жүріп өтуі және кететін мемлекеттерінің шекаралары арқылы өтуі кезінде оларға жәрдем көрсету мәселелері жөнінде өтініш жасасын;

2) шет мемлекеттердің тиісті органдарымен өзінің тарихи отанына оралуға тілек білдірген отандастарымыздың азаматтық және мүліктік құқықтарын қорғауға байланысты мәселелерді пысықтасын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті - (келісім бойынша) қажет болған ретте, 2002 жылға арналған республикалық бюджетте оны ұстауға көзделген қаражат шегінде шет мемлекеттерден келетін оралмандарды шекаралық бақылауды жүзеге асыру үшін уақытша бақылау-өткізу пункттерін ұйымдастырсын.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі 2002 жылға арналған республикалық бюджетте оны ұстауға көзделген қаражат шегінде оралмандардың Қазақстан Республикасының аумағынан жүріп өтетін жолында және қоныстандыру орындарында жеке әрі мүліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі

мүдделі орталық атқарушы органдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасының
Үкіметіне 2003 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде осы қаулының орындалуы туралы
е с е п т і т а б ы с е т с і н .

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ